

**Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің кітапханааралық
абонемент жүйесін құру туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттамаға қол қою
туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 28 маусымдағы № 690 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің кітапханааралық аборнемент жүйесін құру туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттаманың жобасы мақұлдансын.

2. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің кітапханааралық аборнемент жүйесін құру туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттамаға қол қойылсЫН.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан

Үкімет ініц

2012

жылғы

28

маусымдағы

№

690

қаулысымен

мақұлданған

Жоба

K. Мәсімов

Республикасы

**Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің
кітапханааралық аборнемент жүйесін құру туралы келісімге өзгерістер енгізу
туралы**

ХАТТАМА

1999 жылғы 13 қаңтардағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің кітапханааралық аборнемент жүйесін құру туралы келісімге қатысушы мемлекеттердің үкіметтері

ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің кітапханааралық аборнемент жүйесінің қызметін одан әрі дамыту мақсатында төмөндегілер туралы келісті:

1-бап

Келісімге мынадай өзгерістер енгізілсін:

1. 4-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«4-бап

1. Осы Келісімді іске асыру үшін Ғылыми-техникалық және инновациялық салалардағы ынтымақтастық жөніндегі мемлекетаралық кеңес (бұдан әрі – ФТИД МК) құрылымында секция құрылады.

Секцияның функциялары, жұмыс органдары, орналасатын жері және оның қызметін қаржыландыру ФТИД МК-ның ұсынуы бойынша ТМД-ның Экономикалық кеңесі бекітетін ол туралы Ережемен айқындалады.

2. Осы Келісімді іске асыру жөніндегі бірінші кезектегі шаралар ретінде секция:

1) КААЖ бойынша :

бірыңғай КААЖ стандарттары туралы (соның ішінде КААЖ бойынша жіберілетін құжаттардың тізбесін);

жіберілетін құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету туралы;
жіберілетін құжаттарға салынатын кедендік баждар мөлшері туралы;
құжаттарды жіберу үшін жеңілдетілген пошта тарифтерін енгізу туралы
құжаттардың нормативтік-құқықтық жобаларын;

2) Тараптардың кітапханалары мен ақпарат органдары арасындағы қаржы-экономикалық тетіктер және өзара есеп айырысу мен төлемдер жүйесі туралы ұсыныстарды әзірлейді және белгіленген тәртіппен Экономикалық кеңеске ұсынады.

3. Осы бапта аталған жұмыстардың орындалуын үйлестіруді және олардың іске асырылуын бақылауды ФТИД МК жүзеге асырады.».

2. 9-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«9-бап

Осы Келісімге Тараптардың ортақ келісімімен жеке хаттамалармен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.».

2-бап

Осы Хаттама қол қойылған күннен бастап, ал заңнамалары оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішлік ресімдерді орындауды талап ететін мемлекеттер үшін – тиісті құжаттар депозитарийге тапсырылған күннен бастап күшіне енеді.

2012 жылғы «_____» қаласында орыс тілінде бір данада жасалды. Тұпнұсқа дана Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқарушы хатшылығында сақталады, ол осы Келісімге қол қойған әр мемлекетке оның куәландаған көшірмесін жібереді.

Әзәрбайжан Республикасының
Үкіметі үшін Үкіметі үшін
Армения Республикасының
Үкіметі үшін Үкіметі үшін
Беларусь Республикасының
Үкіметі үшін Үкіметі үшін
Грузия
Үкіметі үшін Үкіметі үшін
Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін Үкіметі үшін
Қыргыз Республикасының
Үкіметі үшін Үкіметі үшін

Молдова Республикасының
Ресей Федерациясының
Тәжікстан Республикасының
Түркменстан
Өзбекстан Республикасының
Украина

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК